

«Келісілді»
«Ш.Уәлиханова атындағы
Көкшетау университеті» КЕАҚ
ректоры

_____ **М. Сырлыбаев**
«___» _____ 2026 ж.

«Бекітемін»
Ақмола облысы білім
басқармасының басшысы

_____ **А. Балташева**
«___» _____ 2026 ж.

"Ғылым әлемін аша отыра - VII" атты
оқу - зерттеу жобаларының байқауының
ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

- 1.1 Бұл Ереже "Ғылым әлемін аша отыра - VII" атты оқу - зерттеу жобалары байқауының (- әрі қарай Байқау) мақсаты, ұйымдастыру тәртібі мен талаптарын анықтайды
- 1.2 Байқауға республикалық техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білімалушылары қатысады (колледждердің I-IV курс студенттері, 15 жастан бастап). Қатысу жеке немесе ұжымдық болуы мүмкін (2 студенттен артық емес)
- 1.3 Байқау ұйымдастырушылары: «Ақмола облысы білім басқармасы» ММ, «Ақмола облысы білім басқармасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді дамыту орталығы» КММ, «Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КЕАҚ, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті жанындағы көпсалалы колледжі
- 1.4 Өткізу форматы, уақыты: онлайн, ZOOM платформасы; 2026 ж. 22 сәуір, 10.00 с. - тан 15.00 с. дейін
- 1.5 Өткізу орны: Көкшетау қаласы, Абай көшесі 76, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті жанындағы көпсалалы колледжі.
- 1.6 Өтінімдер және жобалар 03.04.2026 ж. дейін umutmuratbekova@mail.ru поштасына *Колледже атауы Қатысушының аты – жөні жобаның бағыты атауы: мысалы «Алматы педагогикалық колледжі Ибраева А Қазақ ою-өрнегінің семиотикасы Тарихи өлкетану»* ескертпемен қабылданады

II. Байқаудың мақсаттары

2. Мақсаты:

Ғылымды дәріптеу, студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыру.

Студенттердің зияткерлік және білім беру сұраныстарын практикалық іске асыруға ықпал ету.

Зерттеу қызметінің дағдыларын және көпшілік алдында сөйлеу тәжірибесін қалыптастыру.

Құндылық бағдарларын қалыптастыру, студенттерді адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеу.

Ш.Байқау бағыттары, өткізу тәртібі мен шарттары

3.1 Байқау бағыттары

1. Ақпараттық технологиялар
2. Экономика және бизнес
3. Қазақ тілі мен әдебиеті
4. Орыс тілі мен әдебиеті
5. Шет тілдері
6. Тарихи өлкетану
7. Географиялық өлкетану
8. Математика
9. Физика
10. Химия-биология
11. Қоршаған ортаны қорғау және экология
12. Педагогика және оқыту әдістемесі

Ескерту: бағыттарға бөлу барысында (қатысушылар саны аз болған жағдайда) берілген бағыттар топтастырылуы мүмкін

3.2 Жоба тілдері: қазақ, орыс, ағылшын

3.3 Байқау кезеңдері:

Іріктеу кезеңі: 06.04 - 15.04.2026 ж.

Қорытынды кезең: жобаларды онлайн қорғау - 22.04.2026 ж.

Өтінімге мәтіндік құжатты алдын ала тексеруден өтіп, тексеру нәтижелері туралы анықтама (антиплагиат-анықтама) қоса беріледі – 70% кем емес.

Өтінімге (қосымша) жұмыс нәтижелерін енгізу туралы актілер, патенттер мен куәліктердің, мақалалардың (болған жағдайда) көшірмелері, сондай-ақ жобаның ғылыми, практикалық және инновациялық маңыздылығын оң сипаттайтын өзге де құжаттама **(өтінімге жеке қосымшалармен қоса беріледі) қоса берілуі мүмкін.**

3.4 Байқау комиссиясы жобаларды келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- ғылыми (зерттеу) жаңашылдығы;
- өзектілігі;
- практикалық маңыздылығы және іске асырылуы (іске асыру мүмкіндіктері);
- зерттеу жұмысының (жобаның) рәсімдеу талаптарына сәйкестігі;
- сөйлеу мәдениеті, арнайы терминологияны меңгеруі, сұрақтарға жауап беру кезіндегі дәлелділігі мен нанымдылығы.

3.5 Жобалардың рәсімдеу ережесі

- Times New Roman немесе KZ Times New Roman, абзацтардың болуы, кегль 14.
- Оқу – зерттеу жобасының мәтіні өрістердің келесі өлшемдерін сақтай отырып басылуы керек: бет жиектерінің үстіңгі және астыңғы жағы 20 мм кем емес, сол жағы 30 мм кем емес, оң жағы 10 мм кем емес;
- жұмыстың беттері арабша цифрлармен нөмірленеді (нөмірлеу мәтін бойынша үздіксіз жүргізіледі); Бет нөмірі нүктесіз парақтың төменгі жағының ортасына қойылады; қалың шрифт пайдаланылмайды.
- Оқу -зерттеу жобасының көлемі 20 беттен аспауы тиіс (гуманитарлық бағыттар бойынша жұмыс көлемі 25 бетке дейін жетуі мүмкін). Оқу – зерттеу жобасының көрсетілген көлеміне қосымшалар енгізілмейді.

3.6 Өтінім формасы

1	Оқу-зерттеу жұмысының авторы (қосалқы автор)	
2	Оқу орны атауы	
3	Мамандығы, біліктілігі	
4	Оқу - зерттеу жобасының тақырыбы	
5	Оқу - зерттеу жобасының бағыты	
6	Ғылыми жетекшінің аты-жөні	
7	Лауазымы	
8	Ғылыми дәрежесі (атағы), академиялық дәрежесі (болған жағдайда көрсету)	
9	Жоба авторының немесе ғылыми жетекшінің телефоны (ұялы)	
10	e-mail	

3.7 Байқау жеңімпаздары конкурстың әрбір бағыты бойынша I, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына оқу орны, жоба тақырыбы, ғылыми жетекшісі көрсетілген сертификаттар беріледі.

Байқауға қатысу, материалдарды ұсыну сұрақтары бойынша келесі номерлер арқылы хабарласуға болады:
жұмыс тел: 8 (716 2) 72 11 10

ұялы телефон: 8 747 521 48 00